

"Этил спирті мен арақ импорты көлемін (квотасын) орналастыруға Конкурстар өткізудің тәртібі мен шарттары туралы Ережені бекіту туралы" Алкоголь өнімін өндіру және оның айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі Комитет төрағасының 1998 жылғы 4 маусымдағы N 4 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі Алкогольді өнімдерді өндіруге мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі комитеті 1999 жылғы 18 маусым N 176. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 19 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 842. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 2 тамыздағы бұйрығымен.

Этил спирті мен алкоголь өнімдері айналымына мемлекеттік бақылауды күшейту мақсатында бұйырамын:

1. "Этил спирті мен арақ импорты көлемін (квотасын) орналастыруға Конкурстар өткізудің тәртібі мен шарттары туралы Ережені бекіту туралы" Алкоголь өнімін өндіру және оның айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі Комитет төрағасының 1998 жылғы 4 маусымдағы N 4 V980531_ бұйрығына келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

т а қ ы р ы б ы н д а ғ ы :

"тәртібі мен шарттары туралы Ережесі" деген сөздер "тәртібі мен шарттары" деген сөздермен ауыстырылсын;

"арақ" сөзі "алкоголь өнімі (сырадан басқа)" сөздерімен ауыстырылсын;

м ә т і н і н д е г і :

"арақ" сөзі "алкоголь өнімі (сырадан басқа)" сөздерімен ауыстырылсын;

"ұсынып отырған" деген сөздер "ұсынып отырған Тәртібі мен шарттары" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Этил спирті мен алкоголь өнімінің (сырадан басқа) импорты көлемін (квотасын) конкурс бойынша орналастыру комиссиясы құрамына енгізілсін:

1) Лепесбаев Айтбай Сатыбалдыұлы - нормативтік реттеу бөлімінің бастығы;

2) Мұқашев Асқар Амантайұлы - этил спирті мен алкоголь өнімінің импортын бақылау және лицензиялау бөлімінің бастығы.

3. Аталған бұйрықпен бекітілген этил спирті мен алкоголь өнімінің импорты көлемін (квотасын) орналастыру конкурсын өткізу тәртібі мен шарттары туралы Е р е ж е г е :

т а қ ы р ы б ы н д а ғ ы :

"тәртібі мен шарттарының Ережесі" деген сөздер "тәртібі мен шарттары" деген сөздермен ауыстырылсын;

"арак" сөзі "алкоголь өнімі (сырадан басқа)" сөздерімен ауыстырылсын;
м ә т і н і н д е г і :

"Осы тәртібі мен шарттарының Ережесі", "осы Ережемен", "бұл Ережемен", "осы Ереже" деген сөздер "Осы тәртібі мен шарттары", "осы Тәртібінде", "бұл Тәртібімен", "осы тәртібі" деген сөздермен ауыстырылсын;

4 тармақтың бірінші тармақшасына:

"энергетика, индустрия және сауда" сөздері "мемлекеттік кіріс" деген сөздермен ауыстырылсын;

5 тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"5. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының сыртқы экономикалық қызметтің Тауарлар номенклатурасының (ТМД ІЭҚ ТН) кодына сәйкес Өтінішкерлер арасында импортталатын этил спирті мен алкоголь өнімінің (сырадан басқа) көлемін конкурстық орналастыруға мыналар жатады:

1) 2204 - табиғи жүзім шарабы, күшейтілгенін қосқанда; жүзім суслосы, 2009 тауар позициясындағы көрсетілгендерден басқа;

2) 2205 - вермуттар және жүзім, табиғи және басқа да өсімдіктердің немесе хош иісті экстрактісін қосқан шараптар;

3) 2206 - басқа ашытудан алынатын сусындар, (алма сидры, перри (алмұрт сидры), бал сусыны); басқа жерде аталмаған, ашытылған сусындардың қоспасы және ашытылған сусындар мен алкогольсіз сусындардың қоспасы;

4) 2207 - этил спирті;

5) 2208 - толық бабына келтірілмеген этил спирті, құрамында кем дегенде 80% көлемінде спирт концентраты бар; спирт тұнбалары, ликерлар және басқа да спирт сусындары. ";

6 тармақтағы "сату" сөзі "өндірісі" сөзімен ауыстырылсын;

1 2 тармаққа :

үшінші азат жолдағы "мәмлесіне" деген сөзден кейін "онда тауар аты, шығарған ел, өндірушінің аты, өндіру датасы және пайдалану мерзімі, сақталу шарты, қолдану тәртібі, азық құндылығынан тұратын тауарды алып жүру шарттарының ақпараты мемлекеттік және орыс тілінде болуы керек" деген сөздермен толықтырылсын. ";

тоғызыншы азатжол алынып тасталсын;

13 тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын: "Конкурс жүлдегерлері конкурстық алым төлейді. Конкурстық алымның мөлшерін оны өткізуге жұмсалатын нақты шығынға сүйене отырып Конкурсты ұйымдастырушы белгілейді. ";

1 7 т а р м а қ қ а :

"комиссия лауазымы" сөздері "комиссия" сөздерімен ауыстырылсын;
19 тармақтағы "үштен екі" деген сөздер "үшеуі" сөзімен ауыстырылсын;
20 тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"20. Комиссия этил спирті мен алкоголь өнімінің (сырадан басқа) импорты көлемін (квотасын) орналастыру конкурсын өткізгенде:

1) конкурсқа қойылған этил спирті мен алкоголь өнімінің (сырадан басқа) импорты көлемін (квотасын) анықтайды;

2) конкурсты өткізуді ұйымдастырады;

3) конкурс жеңімпаздарын жариялайды және олардың арасында импорттың тоқсандық көлемін (квотасын) бөлуді жүзеге асырады.";

2 4 т а р м а қ қ а :

бірінші азат жолдағы "бар" сөзі "берілді" сөзімен ауыстырылсын;

"импорттаушылар" сөзі "импорттаушыларға" сөзімен ауыстырылсын;

"жоғары сапалы" деген сөзден кейін "табиғи" деген сөзбен толықтырылсын;

"этил спиртінің "люкс" немесе "экстра" сортын импорттаған жағдайда" сөздері алып тасталсын;

үшінші азат жолдағы "өтінішкерлер" деген сөз "өтінішкерлерге" сөзімен ауыстырылсын;

төртінші азат жолдағы "берешегі жоқтар" сөзін "берешегі жоқтарға" сөзімен ауыстырылсын;

келесі азатжолмен толықтырылсын:

"шарап өндіру үшін шарап материалдары импортталғанда алкоголь өнімін өндірушілерге;

Мемлекет алдында салық және басқа қаржы жауапкершілігі бойынша қарызы және шығыны жоқ этил спирті мен алкоголь өнімдері (сырадан басқа) импортына байланысты шығындарды төлеуге қабілетті өтінішкерлерге."

Бесінші азатжолдағы "этил спирті" деген сөздері "және шарап материалдары" деген сөздермен толықтырылсын;

2 6 т а р м а қ қ а :

"төраға" сөзі "комиссия" сөзімен толықтырылсын;

"және Комитет Төрағасы бекітеді" деген сөздер алып тасталсын.

27 тармақтағы "Хаттамасы" сөзі "Шешімдері" сөзімен ауыстырылсын;

2 9 т а р м а қ қ а :

"күңтізбелік жыл" сөздері "тоқсандық" сөздерімен ауыстырылсын;

"жыл" сөзі "тоқсан" сөзімен ауыстырылсын;

30, 31 тармақтар алып тасталсын.

4. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап қолданысқа енеді.

Төраға

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК